

**Сведения о социальных проектах,
социальных программах, реализованных в рамках гранта в отчетный период**

Грант беруші: «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Грант тақырыбы: «Тарих ақтандақтары» саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жобасы

Грант сомасы: 26 510 000

1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз

Гранттық шартпен бірге берілген №3 қосымша (жобаның егжей-тегжейлі сипаттамасы) бойынша жоспарланған индикаторларға қол жеткізу деңгейін көрсете отырып, әлеуметтік жобаны іске асыру шеңберінде жүргізілген барлық іс-шараларды күнін, орнын, қатысушылар санын егжей-тегжейлі сипаттау және талдау қажет.

1 міндет. Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған іс-шараларды өткізу

1 шара. «XX ғасырдың 20-30 жылдар саяси қуғын-сүргін: себептері және салдары» тақырыбында Нұр-Сұлтан, Алматы және Семей қалаларынан 20 (офлайн) және 17 өңірден 30 тарихшы-ғалымдардың (онлайн) қатысуымен республикалық ғылыми–практикалық конференциясын өткізу.

«XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін: себептері және салдары» тақырыбында республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті. Конференцияны Әлихан Бөкейхан университеті және «Салауат» Шығыс Қазақстан облыстық жастар қоғамдық бірлестігі ұйымдастырды.

Конференцияның мақсаты – XX ғасырдың саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның жұмысын қорытындылау және осы мәселеге қатысты тарихшы-ғалымдардың ғылыми ізденістері мен көзқарастары негізінде сұхбат алаңын құру.

Конференция жұмысына Республиканың әр өңіріндегі жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарында қызмет атқаратын тарихшы ғалымдар, оқытушылар мен ғылыми қызметкерлер, саяси қуғын-сүргін құрбандарын толықтай ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы жұмыс тобының мүшелері, зиялы қауым өкілдері, магистранттар мен докторанттар, қоғамдық ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері қатысты.

Конференция жұмысын бастаған белгілі тарихшы, алаштанушы ғалым, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Берік Әбдіғалиұлы Кеңес билігі кезінде орын алған саяси қуғын-сүргіннің құрбандарын толық ақтау жұмысы әлі де кешеулеп жатқанын атап өтті. Ғалым архивтерде жатқан құпия қорларды ашу және саяси қуғын-сүргін құжаттарын ғылыми айналымға енгізу мәселесі күн тәртібіндегі басты мәселе екенін тілге тиек етті. Кейбір түйткілді мәселелерді шешу үшін заңнамалық өзгерістер қажет екеніне назар аударды.

Жиында сөз алған ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Хангелді Әбжанов тарихшылар алдында тұрған келелі мәселелер, зерттеуді қажет ететін бағыттарға тоқталды.

Конференция барысында 20 ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ даласындағы тәркілеу, ашаршылық, босқыншылық, ұлт-азаттық көтерілістер, саяси қуғын-сүргін, оның құрбандары мен олардың ұрпақтарының тағдыры, құрбандарды ақтау мәселелері төңірегінде бірқатар ғылыми талқылаулар өткізді.

Жиын соңында қатысушылар конференцияның қарарын қабылдап, саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтауға қатысты мемлекет пен ғылыми қауым алдында тұрған көкейкесті мәселелерді түйіндеді. Оның ішінде:

1. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толықтай ақтау үдерісін жеделдету үшін арнайы архивтердегі құпия қорларды ашып, ғылыми айналымға енгізу;
2. Архив құжаттарындағы есімі беймәлім тұлғалар мен нақтыланбаған мәліметтерді анықтау мақсатында әр облыс аумағындағы аудандар мен елді мекендерге ғылыми экспедициялар ұйымдастыру;
3. Қуғын-сүргін және жазалау жылдарында ату жазасына кесілген адамдар мен адамдар тобының жерлеу орындарын анықтау;
4. Азалы тарихқа тағзым ету мақсатында ашаршылық, қуғын-сүргін, көтерілістер тақырыбында ескерткіш тұрғызу;
5. Мемлекеттік комиссияның республикалық және өңірлік жұмыс топтарын жұмылдыра отырып, қуғын-сүргін кезеңдері бойынша құжаттар жинағын, ғылыми монографиялар мен оқу құралдарын шығару;
6. Азалы кезең тарихындағы есімі мен еңбегі еленбей келген тұлғаларға қала, аудан, және елді мекендерде көше атауларын беру;
7. Тарихи туризмді дамыту, Алаш қайраткерлерінің, Алаш тілегінде болған ауқатты топтардың, белгілі тұлғалардың қора-қыстауларын жаңғыртып, мемлекет қорғауына алу және т.б.

Конференция барысында жасалған баяндамалар арнайы жинақ түрінде жарық көрді.

Жиын соңынан қатысушылар Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайына сапар шекті.

Конференцияға Семей қаласынан магистранттар мен докторнаттар да қатысты. Жалпы офлайн қатысушылар саны 51 адам.

2 шара. «Timeline» форматында тарихи статистикалық деректерге сәйкес инфографикалық материалдарды әр өңірдегі әлеуметтік желілерде жариялау.

Жоба аясында тарихи деректерді кеңінен насихаттау жүйелі түрде жүзеге асуда. 20 инфографикалық материал, 17 өңірдегі кемінде 20000 жазылушысы бар инстаграм парақшаларға жарияланды. Бір ерекшелігі, әр инфографикалық материал әр өңірге тарихи және географиялық тұрғыда сәйкес әзірленген. Желі оқырмандарының пікірінше, ақпараттың осындай формада жеткізілуі өте ыңғайлы әрі тиімді.

3 шара. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жобасы аясында «Тарих ақтандақтары» тақырыбында 455 000 теңге сомасында жүлде қорын тағайындай отырып, жастар арасында республикалық дебат турнирін ұйымдастыру.

2021 жылдың 18-19 қыркүйек күндері аралығында Семей қаласында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және саяси қуғын сүргін құрбандарын еске алуға арналған республикалық пікірсайыс турнирі өтті.

«Еркін ұрпақ» деп аталатын дебат турниріне еліміздің түкпір-түкпірінен пікірсайысшылар қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Нақтырақ айтқанда, 11 қаладан, 48 фракция қатысты.

Турнир қорытындысы бойынша, «Линкольн-Дуглас» форматында сайысқа түсіп, «Үздік спикер» атағын Қызылордалық Аманжолов Бекарыстан иеленсе, «Британдық парламенттік форматында» үздік шыққан 3 топ жүлделі орындарды төмендегідей бөлісті:

1 орын - Өмірбаев Райымбек, Халилулаев Санжар (Семей); 2 орын - Қуанбай Еркебұлан, Халбаева Нұрзада (Ақмола облысы, Нұр-Сұлтан); 3 орын - Аманжолов Бекарыстан, Тұрсынов Бақытжан (Қызылорда, СҚО); Үздік талпыныс - Сланбек Елемес, Тұрсынбаева Аяулым (Нұр-Сұлтан, Семей). Дебат туринрі екі күнге созылды. Жалпы саны 110 адам қамтылды. Оның ішінде еліміздің 11 өңірінен келген пікірсайысшылар мен төрешілер болды.

4 шара. Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарының әр өңірдегі ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою

7 қыркүйек күні еліміздің барлық облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалаларында саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алды. «Тарихқа тағзым» деп аталатын шараның барлық қалаларда бір уақытта өтуі оның басты ерекшелігі болды. Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен сағат 11:00-де республиканың барлық өңірлерінде саяси қуғын-сүргін құрбандарының құрметіне ескерткіштерге гүл шоқтары қойылды. Жиындағы жалпы саны 332 қатысушы тарихи тұлғалардың рухына тағзым етіп, қазақ қайраткерлерін 1 минут үнсіздікпен еске алды.

5 шара. Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу мақсатында 370 000 теңге сомасында жүлде қорын тағайындай отырып, мектеп оқушылары арасында республикалық онлайн олимпиада ұйымдастыру.

«XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы Қазақстан: тарих, тұлға, тағдыр» тақырыбында мектеп оқушылары арасында Республикалық онлайн олимпиадасы ұйымдастырылды. Онлайн олимпиадаға Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарының 9-11 сынып оқушыларынан құралған топтар (топ құрамы 5 оқушы) қатысты. Екі кезеңнен тұратын олимпиаданың алғашқы кезеңіне еліміздің 17 өңірінен 50-ге жуық жұмыстар түсіп, іріктеуден 13 команда байқаудың негізгі кезеңіне жолдама алды. 23 қазан күні ZOOM платформасында өткен олимпиаданың екінші кезеңінде мектеп оқушылары бақтарын сынап келесідей орындарға ие болды:

Бірінші орынды Нұр-Сұлтан қаласы Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясы иеленсе, екінші орынды Қостанай қаласы «Дарынды балаларға арналған «Білім-Инновация Лицейі» мен Алматы қаласы М.Ганди атындағы №92 мамандандырылған лицейі бөліске салды. Үшінші орынды Шығыс Қазақстан облысы Аягөз қаласы «Мектеп жанындағы интернаты бар жалпы орта білім беретін №6 мектебі» КММ мен Шымкент қаласы №57 жалпы орта мектеп КММ жеңіп алды.

Жүлделі орынға ие болған командалар арнайы дипломдармен қатар ақшалай жүлдемен марапатталды.

6 шара. Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу мақсатында 480 000 теңге сомасында жүлде қорын тағайындай отырып, студенттер арасында республикалық онлайн ғылыми жобалар байқауын ұйымдастыру

Қазан айының 16 күні «XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстан қасіреті» тақырыбында ЖОО студенттерінің арасында Республикалық онлайн ғылыми жобалар байқауының негізгі кезеңін ұйымдастырды.

Республикалық онлайн ғылыми жобалар байқау екі кезеңнен тұрды. Алғашқы кезеңде студенттер өздерінің ғылыми жұмыстарын ұсынды. Еліміздің 17 өңірінен 39 ғылыми жұмыс қабылданып, оның 17-сі екінші кезеңге жолдама алды. Екінші кезеңде студенттер белгілі ғалымдардан жиналған қазылар алқасының алдында өз жұмыстарын қорғады. Әділ қазылар алқасының шешімімен 6 ғылыми жұмыс жоғары бағаланды.

Байқау нәтижесі бойынша I орынды А. Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ-нің студенті Жылқыбайұлы Жауынбай мен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің студенті Жайлан Гүлғасыл иеленді. Ал II орынға Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенті Шаханов Қазыбек пен А. Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ-нің студенті Нұрсұлтан Сабыржан тоқтады. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің студенті Нұрлан Асылжан мен Семей медициналық университетінің студенті Құдайберген Арнұр үздік үштік тізімін қорытындылады. Кіл мықтының ішінен оқ бойы озық шыққан алты жас зерттеуші қаржылай сыйға ие болды. Байқауға қатысқан барлық студенттер мен олардың ғылыми жетекшілеріне арнайы алғыс хаттар жіберілді.

Байқаудың қорытындысы ретінде жазылған барлық ғылыми жобалардан арнайы жинақ әзірленді. Бұл жинақ болашақта тек студенттерге ғана емес, барлық ұлт жанашырларына ғылым мен білімге толы әрі рухани азық көзі болатыны анық

7 шара. Алаш қайраткерлерінің тәуелсіздікке байланысты қанатты сөздері жазылған арнайы 200 футболка әзірлеу және жоба қатысушыларына үлестіру.

Жоба аясында болған шараларға қатысқан адамдарға 200 футболка үлестіріліп берілді. Бұл футболкаларда Алаш қайраткерлерінің тәуелсіздікке байланысты қанатты сөздері жазылған. Халық арасында көзге түскендіктен жоба жайлы ақпарат пен тарихи рух беретін өнім ретінде қарастырдық.

8 шара. Жоба тақырыбы аясында Республикалық деңгейде жас тарихшылардың қатысуымен онлайн дөңгелек үстел ұйымдастыру.

Карантиндік шараларға байланысты орнаған тенденция бұл шараның онлайн форматта өтуіне негіз болды. 17 өңірден тіркелген жас тарихшылар ZOOM платформасында өткен шарада еркін пікір алмасу алаңына қол жеткізді. Әр өңірдің өкілі өздеріне қажетті басқа қаладағы мұрағат құжаттарын сұратуға мүмкіндік алды және комиссия мүшелері, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жұмысын қалай ілгерілетуге болатыны жайлы пікір алмасты. Тарихшылардың ұсыныстары арнайы жинақ болып әзірленді.

9 шара. Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу мақсатында Семей қаласында 600 000 теңге сомасында жүлде қорын тағайындай отырып, республикалық жас ақындар мүшайрасын ұйымдастыру

2021 жылдың 7-8 қазан күндері аралығында Семей қаласында саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған республикалық ақындар мүшайрасы өтті.

Республикалық мүшайраға жиналған жас ақындар шараны Ұлы Абайдың жеріне сапардан бастады. «Абайдың "Жидебай-Бөрілі" мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайына" жасаған экскурсия жас ақындарға байқау алдында ерекше серпіліс берді.

«Қасіретті жылдар – қасиетті жырлар» атты мүшайраға еліміздің 17 өңірінен жиналған 25 жас ақын Әлихан Бөкейхан университетінің Алаш қайраткерлері білім алған ғимаратында бақ сынасты. Еліміздің тәуелсіздігін жүрекжарды жырларына қосқан ақындардың тартысты байқауы жиналған қауым мен қазылар алқасын тәнті етті. Шын мықтыны анықтау жауапкершілігі белгілі ақындардан жиналған қазылар алқасына жүктелді. Мүшайра нәтижесі бойынша Қостанай облысының ақыны Жадырасын Дәулет I орынды иеленді. Түркістан облысының атынан келген Досжанова Рысгүл II орынға тоқтаса, үздік үштік тізімін Талдықорған қаласының намысын қорғауға келген Төлеу Айнұр қорытындылады. Кіл мықтының ішінен оқ бойы озып шыққан үш ақын қаржылай сыйға ие болды.

Байқауға қатысқан барлық ақындар естелік сыйлықтармен марапатталды. Шараның қорытындысы ретінде оқылған барлық өлеңдерден арнайы жинақ әзірленді.

10 шара. Жоба аясында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті тізіміндегі журналдарға жобаға тартылған тарихшы мамандардың тақырыптық мақалаларын жариялау.

Жобаның контексіне сәйкес бұқаралық сипаттан бөлек ғылыми тарапты бірге ұйымдастыру бізге өте маңызды. Сондықтан ғылыми қоғамға арнайы екі мақала әзірленіп жарық көреді. Әзірленген мақалалар «XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ СЕМЕЙ ӨҢІРІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ТӨРКІЛЕУ НАУҚАНЫ» және «1928-1933 ЖЫЛДАРЫ ҚЫТАЙҒА ҚОНЫС АУДАРҒАН ҚАЗАҚТАРДЫҢ ТАҒДЫРЫ» (Шығыс Қазақстан мысалында) тақырыптарында жоба мүшелерімен әзірленді.

2 міндет. Саяси қуғын-сүргін тарихы бойынша жан-жақты зерттеу жұмыстарына тартылған кемінде 55 ғалым мен сарапшыны тарта отырып, тарихи құжаттар мен жиналған мәліметтер бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу

1 шара. Мемлекеттік комиссия жанынан құрылған 11 жұмыс топтарының зерттеу тақырыптарына және тарихи құжаттар мен мәліметтер туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу бойынша материалдар жинағын және бейнероликтер әзірлеу (тапсырыс берушімен, оның ішінде АҚДМ-мен және «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ келісімі бойынша)

Мемлекеттік комиссияның жанынан құрылған 11 жұмыс тобынан 55 тарихшы ғалымдар мен сарапшылар түсірілім жұмыстарына қатысып, ақтау процессіне байланысты құнды деректермен бөлісті. Халықты кеңінен ақпараттандыру жұмысын ең өтімді форматта үйлестіру үшін біз бейнероликтерді әзірлеуді қолға алдық. Бейнероликтерге сонымен қатар статистикалық деректер орналастырылды. Бұл бейнероликтер еліміздің 17 өңіріндегі кемінде 20000 жазылушысы бар парақшаларға жарияланды. Желі оқырмандарының пікірінше айтылған ақпараттың бәрі өте пайдалы болды.

3 міндет. Қоғам қайраткерлерінің, сарапшылардың, жастардың қатысуымен және уәкілетті мемлекеттік органдардың өкілдерін тарта отырып, саяси қуғын-сүргін құрбандары мен зардап шеккендердің әртүрлі санаттарын оналтудың өзекті мәселелері бойынша жас тарихшылар клубының кемінде 10 пікірталас алаңын ұйымдастыру.

1 шара. Қоғам қайраткерлерінің, сарапшылардың, жастардың қатысуымен және уәкілетті мемлекеттік органдардың өкілдерін тарта отырып, саяси қуғын-сүргін құрбандары мен зардап шеккендердің әртүрлі санаттарын оналтудың өзекті мәселелері бойынша «Қазақ даласындағы қуғын-сүргін және ашаршылық: жаңа әдіснамалық көзқарас» тақырыбында сарапшы-ғалымдардың, қоғам қайраткерлерінің және жас тарихшылардың арасында 10 онлайн пікірталас алаңын ұйымдастыру. (тапсырыс берушімен, оның ішінде АҚДМ-мен және «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ келісімі бойынша).

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2020 жылдың 24 қарашасындағы жарлығы бойынша «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау» жөнінде Мемлекеттік комиссия құрылған болатын. Комиссия мүшелеріне Кеңес үкіметінің солақай саясатынан жапа шеккен қазақстандықтарға қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіру міндеті жүктелді. Комиссия жұмысын іс жүзінде ілгерілету үшін бұл тақырыптың тек ғылыми ортада қалып қоймауын қолға алу маңызды. Сонымен қатар өңіраралық байланысты орнатып, тәжірибе,

тың идеялар мен ұсынымдар, құнды деректер алмасуын қамтамасыз ету мақсатында «Тарих ақтандақтары» саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау» жобасы аясында бірнеше іс-шара жүзеге асты. Солардың бірі ауқымды түрде онлайн форматта ұйымдастырылған «қоғам қайраткерлерінің, сарапшылардың, жастардың және уәкілетті мемлекеттік органдардың өкілдері қатысуымен 10 пікірталас алаңы» өткізілді. Екі бағыттағы іс-шара барысында жалпы саны 500-ден астам қатысушы өз ойларымен, пікірлерімен және комиссия жұмысын ілгерілетуге бағытталған ұсыныстарымен бөлісті. Ғалымдардың жұмыстарын зерделей отырып, қазіргі заманға сай дәріптелуі жайлы ұсыныс айтқан сарапшылар мен жастардың дені басым болды. Іс-шара барысында мынадай ұсыныстар білдірілді:

- Республика көлемінде саяси қуғын-сүргін құрбандарының нақты тізімі мен олардың өмірбаяны жайлы толыққанды мәлімет алатын электронды база мүлдем жоқ. Тек орыс тілінде ақпарат беретін сайт бар. Онда мәлімет қоры аз және саяси қуғын-сүргін құрбандарының тізімі толық емес. Сондықтан да нағыз өркениетті елдердегідей осы заманға сай қазақтың қуғын-сүргін тарихының заманауи электрондық базасын толық жасап шығу алдағы уақытта талап етілетін жұмыстардың бірі;

- Мемлекеттік комиссия жұмысы барысында мұрағат деректерімен қатар, халық арасында тараған ауызша деректерді жинақтау мақсатында көненің көзін көрген, сол бір зұлмат заманның дәмін татқан тұлғалардан сұхбат алып, оны бейнеролик немесе жазбаша жинақ ретінде жинақтаса, құжаттық деректерден бөлек берер ақиқаты мол болар еді;

- Кеңес үкіметіне қарсы бағытталған көтерілістерге қатысып, сотсыз, тергеусіз ату жазасына кесілеген немесе жер аударылған тұлғаларды ақтау ел тарихы үшін аса маңызды іс. Себебі кейбір тұлғалардың артында іздеушісі жоқ болғанымен ұлты үшін жасаған ерлігі жас ұрпаққа дәріптелуі тиіс жайттар жетерлік;

- Ақтау жұмысы аясында өңіраралық байланыс орнатудың маңыздылығы басым. Себебі Ресей империясы мен Кеңестік кезеңде сан мәрте өзгеріске ұшыраған территориялық бөліністер кезінде ауысып кеткен мұрағат қорлары баршылық. Сондықтан да комиссия мүшелері дерекқорларымен ауысып отырса, ғылым үшін тың жаналықтардың енетіні анық;

- Ресей империясының отарлығы кезеңінде орын алған босқыншылықтың советтік кезеңде жалғасуы мәселелерін тарихи сабақтастық тұрғысынан қарастырып, оған методологиялық акценттерді дұрыс қойғанымыз абзал;

Жабық қорлардағы құжаттарды жан-жақты сараптауға, саяси қуғын-сүргін құрбандарына ұлттық тұрғыда баға беруге, репрессия құрбандарына құқықтық тұрғыдан ғана емес, саяси ақтауға да қол жеткіземіз деген сенімдеміз. Осы жұмыстар аясында зерттеуші ғалымдарымыздың жұмыстарына тек қана сәттілік тілейміз. Халқы үшін құрбан болған ұлт азаматтарының толықтай ақталар күні алыс емес.

4 міндет. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі өңірлік комиссия мүшелерінің, қоғам қайраткерлерінің, саяси қуғын-сүргін құрбандары мен зардап шеккендердің әртүрлі санаттарын оңалтудың өзекті мәселелері жөніндегі сарапшылардың қатысуымен өңірлерде кемінде 17 диалог алаңдарын ұйымдастыру.

1 шара. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі өңірлік комиссия мүшелерінің, қоғам қайраткерлерінің, саяси қуғын-сүргін құрбандары мен зардап шеккендердің әртүрлі санаттарын оңалтудың өзекті мәселелері жөніндегі комиссияның жергілікті жұмыс топтарындағы сарапшылардың қатысуымен өңірлерде кемінде 17 онлайн диалог алаңдарын ұйымдастыру. (тапсырыс берушімен, оның ішінде АҚДМ-мен және «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ келісімі бойынша).

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2020 жылдың 24 қарашасындағы жарлығы бойынша «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау» жөнінде Мемлекеттік комиссия құрылған болатын. Комиссия мүшелеріне Кеңес үкіметінің солақай саясатынан жапа шеккен қазақстандықтарға қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіру міндеті жүктелді. Комиссия жұмысын іс жүзінде ілгерілету үшін бұл тақырыптың тек ғылыми ортада қалып қоймауын қолға алу маңызды. Сонымен қатар өңіраралық байланысты орнатып, тәжірибе, тың идеялар мен ұсынымдар, құнды деректер алмасуын қамтамасыз ету мақсатында «Тарих ақтаңдақтары» саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау» жобасы аясында бірнеше іс-шара жүзеге асты. Солардың бірі ауқымды түрде онлайн форматта ұйымдастырылған «өңірлік комиссия мүшелерінің, саяси қуғын-сүргін құрбандары мен зардап шеккендердің әртүрлі санаттарын оңалтудың өзекті мәселелері жөніндегі комиссияның жергілікті жұмыс топтарындағы сарапшылардың қатысуымен өңірлерде 17 диалог алаңдары» өткізілді. Екі бағыттағы іс-шара барысында жалпы саны 500-ден астам қатысушы өз ойларымен, пікірлерімен және комиссия жұмысын ілгерілетуге бағытталған ұсыныстарымен бөлісті. Ғалымдардың жұмыстарын зерделей отырып, қазіргі заманға сай дәріптелуі жайлы ұсыныс айтқан сарапшылар мен жастардың дені басым болды. Іс-шара барысында мынадай ұсыныстар білдірілді:

- Республика көлемінде саяси қуғын-сүргін құрбандарының нақты тізімі мен олардың өмірбаяны жайлы толыққанды мәлімет алатын электронды база мүлдем жоқ. Тек орыс тілінде ақпарат беретін сайт бар. Онда мәлімет қоры аз және саяси қуғын-сүргін құрбандарының тізімі толық емес. Сондықтан да нағыз өркениетті елдердегідей осы заманға сай қазақтың қуғын-сүргін тарихының заманауи электрондық базасын толық жасап шығу алдағы уақытта талап етілетін жұмыстардың бірі;

- Мемлекеттік комиссия жұмысы барысында мұрағат деректерімен қатар, халық арасында тараған ауызша деректерді жинақтау мақсатында көненің көзін көрген, сол бір зұлмат заманның дәмін татқан тұлғалардан сұхбат алып, оны бейнеролик немесе жазбаша жинақ ретінде жинақтаса, құжаттық деректерден бөлек берер ақиқаты мол болар еді;

- Кеңес үкіметіне қарсы бағытталған көтерілістерге қатысып, сотсыз, тергеусіз ату жазасына кесілген немесе жер аударылған тұлғаларды ақтау ел тарихы үшін аса маңызды іс. Себебі кейбір тұлғалардың артында іздеушісі жоқ болғанымен ұлты үшін жасаған ерлігі жас ұрпаққа дәріптелуі тиіс жайттар жетерлік;

- Ақтау жұмысы аясында өңіраралық байланыс орнатудың маңыздылығы басым. Себебі Ресей империясы мен Кеңестік кезеңде сан мәрте өзгеріске ұшыраған территориялық бөліністер кезінде ауысып кеткен мұрағат қорлары баршылық. Сондықтан да комиссия мүшелері дерекқорларымен ауысып отырса, ғылым үшін тың жаналықтардың енетіні анық;

- Ресей империясының отарлығы кезеңінде орын алған босқыншылықтың советтік кезеңде жалғасуы мәселелерін тарихи сабақтастық тұрғысынан қарастырып, оған методологиялық акценттерді дұрыс қойғанымыз абзал;

Жабық қорлардағы құжаттарды жан-жақты сараптауға, саяси қуғын-сүргін құрбандарына ұлттық тұрғыда баға беруге, репрессия құрбандарына құқықтық тұрғыдан ғана емес, саяси ақтауға да қол жеткіземіз деген сенімдеміз. Осы жұмыстар аясында зерттеуші ғалымдарымыздың жұмыстарына тек қана сәттілік тілейміз. Халқы үшін құрбан болған ұлт азаматтарының толықтай ақталар күні алыс емес.

5 міндет. «Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архиві» және «Шығыс Қазақстан облыстық қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы» (Семей) қорларындағы құжаттары негізінде тақырыптық тарихи-танымдық кітап шығару

1 шара. «Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архиві» және «Шығыс Қазақстан облыстық қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы» (Семей) қорларындағы құжаттары негізінде 1928 жылғы тәркілеу саясатына қатысты «1928 жылғы Декрет: тәркіленген тағдырлар» атауымен ғалымдардың республикалық маңызы бар мұрағат материалдарымен жұмыс, мұрағат деректерін өңдеу, дизайн әзірлеу және кітапты әзірлеуге қажетті өзге де жұмыстарды атқара отырып, кемінде 100 беттен тұратын тарихи-танымдық кітап шығару. (тапсырыс берушімен, оның ішінде АҚДМ-мен және «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ келісімі бойынша).

«Салауат» Шығыс Қазақстан облыстық жастар қоғамдық бірлестігінің бастамасымен «1928 жылғы Декрет: тәркіленген тағдырлар» атты еңбек жарыққа шықты. «Тарих ақтаңдақтары» саяси қуғын-сүргін құрбандарын толықтай ақтау жобасын жүзеге асыру аясында шығарылып отырған құжаттар жинағына топтастырылған құжаттар негізінде Семей қаласындағы Шығыс Қазақстан облыстық қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы мен Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві қорларындағы деректер негізінде құрастырылған.

Жинақта 1928 жылғы тәркілеуге ұшыраған әлеуметтік топтарды, әсіресе, белгілі әулеттер мен ықпалды тұлғалардың жеке істері, тәркілеу құжаттары және отбасы мүшелерінің тағдырын негіздейтін деректер топтастырылған. Ақтаңдақ тарихтың ақиқатын айқындайтын архив құжаттарының жинағы еліміздің 17 өңірінің кітапханаларына табысталды. Осындай еңбектердің жарыққа шығып, айналымға енуі өте маңызды. Себебі, ақталған тарих, құпиясыздандырылған дерек келер ұрпақ үшін қажет.

бміндет. Жас тарихшыларға арналған форум өткізу

1 шара. Жас тарихшыларға арналған «1920-1950 жылдардағы Кеңес саясаты: жас тарихшылардың көзімен» тақырыбында тарихшылар форумын өткізу

Семей қаласында 10 қыркүйекте «1920-1950 жылдардағы Кеңес саясаты: жас тарихшылардың көзімен» республикалық форумы өтті. Форумның мақсаты – ХХ ғасырдың саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның жұмысын насихаттау және осы мәселеге қатысты жас тарихшы-ғалымдардың ғылыми ізденістері мен көзқарастары негізінде сұхбат алаңын құру. Форум жұмысына Республиканың әр өңіріндегі жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарында қызмет атқаратын оқытушылар, жас тарихшылар және ғылыми қызметкерлер, саяси қуғын-сүргін құрбандарын толықтай ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы жұмыс тобының мүшелері қатысты.

Республикалық форумды ашып берген Әлихан Бөкейхан университетінің ғылым жөніндегі проректоры Әсел Қайшатаева ұлт тарихындағы «ақтаңдақтарды» жоюға бағытталған жобаның маңыздылығын тілге тиек етті. ХХ ғасыр қазақ халқының тарихи тағдырында аса маңызды кезең болғанын, қазақ қоғамындағы саяси ойдың дамуы, Қазақ мемлекеттілігін жаңғырту идеясы осы кезде пайда болғанын атап өтті. Қайшылықтарға толы, сан қилы саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени өзгерістер орын алған ХХ ғасырдағы тарихи үдерістерді зерттеуге әрі жан жақты танытуға көңіл бөлу – замана талабы екенін баса айтты.

Жас тарихшылардың республикалық форумы барысында бірқатар тақырыптық мәселелер қаралды. Оның ішінде:

1. 20 ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ даласы: тәркілеу, ашаршылық, босқыншылық.
2. 1937-1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргін: ұлт зиялыларының қасіретті кезеңі.

3. Қазақ даласындағы лагерлер жүйесінің тарихы. 1940-1950 жылдардағы космополитшылдыққа қарсы айыптау тұрғысында ұлт зиялыларын қудалау саясаты.

Форум барысында жасалған баяндамалар арнайы жинақ түрінде жарық көрді. Форум соңында қатысушылар Семей қаласындағы Мұхтар Әуезов және «Алаш арыстары» мұражай үйін, Абай атындағы тарихи-мәдени әдеби-мемориалдық музейді аралап, қазақ тарихында ерекше орын алған қайраткерлердің өмірі мен шығармашылығына арналған экспозицияларды тамашалады

7 міндет. Әр өңірдің мектептерінде тарихи дәрістер өткізу

1 шара. Тарихшыларды тарта отырып әр өңірде кемінде 5 мектепте 9,10 және 11 сынып оқушыларына «Азалы тарихтың ақтаңдақ беттері» тақырыбында арнайы дәрістер өткізу (Дәріс мазмұнын тапсырыс берушімен, оның ішінде АҚДМ-мен және «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ келісімі бойынша).

«Азалы тарихтың ақтаңдақ беттері» тақырыбында Республикамыздың 17 өңірінде мектеп оқушыларына арналған дәрістер өткізді. Әр өңірден 5 мектепті қамтыған дәрісті жалпы 8000 мыңнан астам оқушы тыңдады. Отандық тарихтың өзге кезеңдеріне қарағанда, неғұрлым жақын болғанымен, саяси және идеологиялық мәселелерге байланысты соғұрлым тұмшаланған ХХ ғасырдағы Қазақстанның қасіретті кезеңі туралы елімізге белгілі ғалымдар мен ірі тарихшылар жоғарғы сынып оқушыларына түсінікті әрі мәнді етіп баяндап берді.

Дәрістің мазмұны аталған кезең бойынша бүгінгі таңда отандық тарихтың ақтаңдақ парақтары саналатын ұжымдастыру науқаны, оның ішінде тәркілеу, ашаршылық, кеңестік саясатқа қарсы көтерілістер, саяси қуғын-сүргін сынды мәселелерді және осы кезеңдегі саяси қуғынға ұшыраған тұлғаларымызды ақтау жұмыстары туралы деректерді қамтыды.

8 міндет. Саяси қуғын-сүргін мәселелері төңірегінде берілген ақпарат бойынша баяндамалардың арнайы жинағын әзірлеу және басып шығару

1 шара. Жобаға тартылған білікті сарапшылардың қорытындыларына сәйкес берілген ақпарат бойынша «Алаштың азалы тарихы» атты баяндамалар жинағын әзірлеу, тираждау және әр өңірде кемінде 2 кітапханаға табыстау

(жинақ мазмұнын тапсырыс берушімен, оның ішінде АҚДМ-мен және «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ келісімі бойынша)

Жоба аясында өткізілген іс-шаралардың ғылыми мақалалары мен баяндамалары жинақ ретінде жарыққа шықты. «Алаштың азалы тарихы» деген атаумен жарыққа шыққан ғылыми мақалалар мен зерттеулер жинағына елімізге белгілі тарихшы-ғалымдар мен жас ізденушілердің, республикалық және өңірлік комиссия құрамына кіретін сарапшылардың еңбектері топтастырылған.

Мемлекеттік комиссия аясында атқарылған жұмыстарды жарыққа шығару, ақпараттық тұрғыда насихаттау, көпшілікке жеткізу мақсатында аталмыш жинақ еліміздің барлық өңірлеріне жөнелтілді. Ғылыми жинақты Республиканың 17 өңіріндегі облыс орталықтарындағы кітапханаларға жөнелтілді.

9 міндет. Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария тұсаукесері

1 шара. Жобаның қорытындыларымен таныстыру мақсатында көпшілік үшін онлайн баспасөз конференциясын өткізу. БАҚ, ҰЕҰ, мемлекеттік органдар мен азаматтық белсенділердің қатысуымен.

Қорытынды жарияланым Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының ZOOM платформасы мен facebook парақшасында тікелей эфирда жүргізілді. Онлайн және офлайнда іс-шара қатарынан ұйымдастырылды. Онлайн танысытырлымға Талдықорғандық журналист Айнұр Төлеу мен Қаламгер.кз порталының журналисті Дәурен Тілеухан қатысты. Офлайн шараға жас тарихшылар, студенттер қатысты.

10 міндет. Шарт талаптары бойынша жобаны іске асыру барысы туралы ақпараттық жұмыс

1 шара. Жобаның іске асырылуы туралы ақпаратты БАҚ-та, ұйымның веб-сайтында, сондай-ақ әлеуметтік желілерде тұрақты жариялау. (Ақпарат іс-шара аяқталғаннан кейін 3 күн ішінде жарияланады.)

Жоба барысында атқарылып жатқан шаралар бойынша ақпарат жоспарға сәйкес әлеуметтік желідегі парақшамызға жарияланып отырды. Одан бөлек «КазИнформ», «Массагет.кз», «Nur.kz», «Vesti» БАҚ парақшаларына жарияланды. Әлеуметтік желілерде кемінде 20000 оқырманы бяр парақшаларға жарияланған материал саны: 37. Парақшалар:

Тамыз:

@fcity – 67200 жазылушы

@aktobe_times – 42400 жазылушы

@gazeta.nadezhda – 31700 жазылушы

@vkaragande.kz – 82300 жазылушы

@qostanai.online – 31400 жазылушы

Қыркүйек:

@petro_smi – 131000 жазылушы

@kokshe_smi – 26300 жазылушы

@vsya_astana – 93100 жазылушы

@taldykorgan_insta – 51700 жазылушы

@azh.news – 50500 жазылушы

Қазан:

@turkestanda – 274 000 жазылушы

@news_pvl – 122 000 жазылушы

@zellokyzylorda – 527 000 жазылушы

@taraz.times – 82 200 жазылушы

@ladakz – 242 000 жазылушы

Қараша:

@almaty_novosti – 78300 жазылушы

@otyarkz – 148 000 жазылушы

Жанама қамтылған әлеуметтік желі оқырмандарының саны: 2 081 100

Кестені толтырыңыз және жоспарланған нәтижелердің нәтижелерге сәйкестігін сипаттаңыз

Жоба мақсаты:		Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау арқылы Қазақстан тәуелсіздігін танымал ету				
